

Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 қазандағы N 1019 қаулысы

Кеден органдарының экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін арттыру, заңнамалық базаны жетілдіру, кеден рәсімдерін оңтайландыру және оңайлату мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жыл сайын 1 ақпанға және 1 тамызға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 38 қаулысымен.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысына жүктелсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 38 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 3 қазандағы
N 1019 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы

1. Паспорт

Бағдарламаның атауы

Қазақстан Республикасының кеден қызметін
дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған
бағдарламасы

Негізгі әзірлеуші	Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау
Бағдарламаның негізгі мақсаты	<p style="text-align: center;">а г е н т т і г і</p> <p>Қазақстан Республикасының сыртқы сауда қатынастарын дамыту және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кедендік әкімшілендірудің нысандары мен әдістерін халықаралық талаптар мен стандарттарға с ә й к е с к е л т і р у</p>
Бағдарламаны әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі	<p>Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің қабылдануына байланысты заңнамалық базаны оған сәйкес келтіру және одан әрі жетілдіру талап етіледі. Қазақстанның халықаралық конвенцияларға қосылуы және Дүниежүзілік Сауда Ұйымына енуі шеңберінде іс-шаралар жүргізу. Халықаралық шарттардың іс жүзінде іске асырылуын қамтамасыз ету, таяу және алыс шетелдердің кеден қызметтерімен жедел ақпарат алмасуды тұрақты негізде жүзеге асыру үшін кеден органдарының материалдық жағынан нашар жарактандырылуы мәселесін шешу талап е т і л е д і .</p>
Бағдарламаның негізгі міндеттері	<p>Кедендік әкімшілендіруді жетілдіру, кедендік бақылау әдістері мен нысандарының тиімділігін арттыру; қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды одан әрі енгізу; кеден статистикасын дамыту және оның базасында сыртқы сауданың сенімді статистикасын қалыптастыру; шекаралас мемлекеттердің кеден қызметтерімен өзара і с - қ и м ы л д ы н ы ғ а й т у .</p>
Бағдарламаны қаржыландыру көздері	<p>Республикалық бюджет қаражатынан 12 320,9 млн. теңге, оның ішінде 2004 жылы - 3 548,6 млн. теңге, 2005 жылы - 4 554,4 млн. теңге, 2006 жылы - 4 217,9 млн. теңге сомасында қаржыландыру көлемі т а л а п е т і л е д і .</p>
Бағдарламаны іске м е р з і м д е р і	<p>асыру 2004-2006 жылдар</p>

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асырудың нәтижесінде оның материалдық-техникалық базасы одан әрі дамиды және жаңарады, сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға кедендік қызмет көрсету технологиясы жақсарады, кеден қызметкерлерінің кәсіби даярлық деңгейі артады, кеден қызметін заңнамалық, нормативтік құқықтық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету жақсарады. Тұтастай алғанда кеден жүйесінің жұмыс істеу тиімділігі артады. 2004-2006 жылдардағы мемлекеттік бюджетке кедендік төлемдер мен салық түсімдерінің болжамды өсімі тұтастай алғанда 100,0 млрд. теңге болады: 2004 жылы - 31,0 млрд. теңге, 2005 жылы - 34,0 млрд. теңге, 2006 жылы - 35,0 млрд. теңге.

2. Кіріспе

Мақсаты отандық рынокты қорғаудан, ұлттық экономиканың құрылымдық қайта құрылуын ынталандырудан, кеден төлемдері мен салықтарының ең көп жиналуын қамтамасыз ететін тиімді кедендік әкімшілендіруді ұйымдастырудан көрінетін кеден саясаты ел дамуының орта және ұзақ мерзімді стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады.

Кеден саясатын табысты іске асыру кеден қызметінің даму деңгейіне, оның беделі мен құзыреттілігін халықаралық сауда қоғамдастығының тануына, сондай-ақ ел ішіндегі кең әлеуметтік қолдауға тікелей тәуелді болады.

Кеден қызметін одан әрі жетілдіру қажеттілігі кеден органдары қызметінің сапасы мен тиімділігіне, оның халықаралық іскерлік және сауда операцияларын жүзеге асыру практикасына сәйкестігіне қойылатын жоғары талаптарға негізделген.

Кеден саясатының құрамдастарын негізге ала отырып, кеден қызметінің одан әрі дамуы кеден органдары қызметінің мынадай негізгі бағыттары бойынша жүзеге асырылуы тиіс:

мемлекеттің экономикалық мүдделерін қамтамасыз етуге қатысу;
әлемдік сауда қоғамдастығымен, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен, халықаралық кеден ұйымдарымен, басқа елдердің кеден органдарымен үйлесімді қарым-қатынастарды ұстану және дамыту;

сыртқы экономикалық қызметті кедендік-тарифтік реттеу тетігін қалыптастыруға қ а т ы с у ;

сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың тең құқықтарын қамтамасыз ету, контрабанда мен кеден ережелерін бұзушылықтардың жолын кесу; кеден рәсімдерін жүзеге асыру кезінде тиімділік пен айқындылықты арттыру; кеден органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеру, сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға кедендік қызмет көрсету саласында және қызметтің өз ішінде жалпы және кәсіптік әдеп нормалары мен құндылықтарын қалыптастыру және ұстану.

Кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) қазіргі кезеңде кеден органдарының алдында тұрған міндеттердің тиімді шешілуін қамтамасыз ету мақсатында кеден қызметінің жұмысын оның барлық бағыттары бойынша одан әрі жетілдіруге бағытталады.

3. Проблеманың қазіргі кездегі жай-күйін талдау

Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу кезінде фискальдық, бақылау функцияларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес құқық қорғау органдарының функцияларын орындай отырып, кеден қызметі соңғы жылдары өзінің мемлекет жүргізіп отырған сыртқы экономикалық саясаттағы рөлін елеулі түрде күшейтті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қарашадағы N 1746 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының кеден қызметін реформалаудың 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасын" іске асыру кеден қызметін дамытудағы е л е у л і қ а д а м б о л ы п т а б ы л д ы .

Қазақстанның әлемдік экономикалық қатынастар жүйесіне ықпалдасу процесі кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру қажеттілігін алдын ала белгіледі. Осы мақсатта 2003 жылғы 1 мамырдан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының Кеден кодексі әзірленіп, қабылданды, онда кеден рәсімдерін үйлестіру мен оңайлату мақсатында халықаралық конвенциялардың ережелері ескерілді, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен өзара қарым-қатынастардың жаңа қағидаттары мен кеден органдары жұмысының тиімділігін а р т т ы р у т е т і к т е р і е н г і з і л д і .

Кеден кодексін іске асыру үшін оның біртекті қолдануы мақсатында кеден ісі саласында нормативтік құқықтық кесімдер әзірленді, қабылданды және жүйелендірілді.

Қазақстан Республикасының кеден қызметін реформалаудың 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру барысында кедендік әкімшілендіру нысандары мен әдістерін жетілдіру үздіксіз негізде жүзеге асырылды. Оның мақсаты оларды сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін неғұрлым айқын және түсінікті ете отырып

, кеден рәсімдерін оңайлату болды, бұл, өз кезегінде, олар үшін қолайлы жағдайлар ж а с а й д ы .

Кедендік ресімдеу тәртібін оңтайландыру мақсатында мамандандырылған кеден бекеттерінде - "Кедендік ресімдеу орталықтарында" кедендік бақылауды құжаттыққа және іс жүзіндегіге бөлу қағидатына сәйкес келетін және "күнбе күн" әдісі бойынша кеден рәсімдерін жүргізудің ұзақтығын қысқартуға ықпал ететін кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудың үш кезеңді тетігі енгізілді. 2002 жылдың қорытындылары бойынша жүк кедендік декларациялардың 84%-ға жуығы бір жұмыс күні ішінде р е с і м д е л д і .

Бірнеше жыл ішінде республиканың кеден қызметі фискальдық функциясын орындау кезінде тұрақты оң серпінге қол жеткізді. 2002 жылы мемлекеттік бюджетке 155,3 млрд. теңге аударылды, бұл 1999 жылдың түсімдерінен 4 еседен астам артық (1-кесте).

1 - к е с т е

Көрсеткіштер	1999 жыл	2000 жыл	2001 жыл	2002 жыл
Кеден төлемдері мен салықтарының түсімі, млрд. теңге	38,2	58,7	102,5	155,3
Алынған кеден салықтарының импорт көлеміне қатынасы	7,5%	8,7%	11,1%	15,4%
Бюджетке салық түсімдерінің сомасындағы кеден төлемдері мен салықтарының үлес	11,8%	11,3%	14,2%	19,6%
			жалпы салмағы	

Мемлекеттік бюджетке салық түсімдерінің жалпы сомасындағы кеден төлемдері мен салықтарының үлес салмағы 1999 жылғы 11,8%-дан 2002 жылы 19,6%-ға дейін ө с т і .

Мұндай нәтижелерге қол жеткізуге кеден органдарының қызметіне қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу және пайдалану көбіне көп ықпал етті. 2001 жылғы шілдеде кеден органдарын басқарудың тік құрылымын нығайтуға, ақпараттармен алмасу процестерін елеулі түрде жеделдетуге мүмкіндік берген Қазақстан Республикасының кедендік автоматтандырылған ақпарат жүйесінің (ҚР КААЖ) бірінші кезегі енгізілді.

ЕурАзЭҚ елдері Кеден Қызметтерінің Басшылары Кеңесінің шешіміне сәйкес республиканың кеден қызметі Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер кеден қызметтерінің ақпараттық ресурстарымен автоматтандырылған

алмасу жүйесін құру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүргізуде.

2000-2002 жылдар ішінде кеден органдарының сыртқы байланыстарды дамыту жөніндегі қызметі жанданды, халықаралық сауда және кеден ұйымдарына ықпалдасу процестері жалғасты, шет елдермен кеден мәселелері бойынша бірқатар екі жақты және көп жақты шарттар мен келісімдер жасалды.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалуына үлкен назар аударылды. Бұл бағыттағы алдын алу жұмысының тиімділігі туралы соңғы жылдар ішіндегі кеден органдарында анықталған құқық бұзушылықтардың қысқаруы бойынша таразылауға болады: 2000 жылы - 200, 2001 жылы - 185, 2002 жылы - 142 құқық бұзушылық.

Кеден органдары жұмысының маңызды саласы экономикалық қылмыстарға және әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы күрес, тауарлар мен көлік құралдары, есірткі заттары мен прекурсорлар, қару-жарақ, оқ-дәрілер, республика үшін мәдени және тарихи құндылығы бар заттар контрабандасының жолын кесу болып қала береді. Оларға қатысты кеден органдары қылмыстық істер қозғаған анықталған қылмыс фактілерінің өсуі қызметкерлердің кәсіби дағдыларының жоғарылағандығын куәландырады (2-кесте).

2 - к е с т е

Қылмыстық іс қозғау үшін негіздемелер	1999 жыл	2000 жыл	2001 жыл	2002 жыл
ҚР ҚК 209-бабының 1-бөлігі бойынша - контрабанда	108	207	273	304
ҚР ҚК 214-бабы бойынша - кеден төлемдері салықтарын төлеуден жалтару	42	65	72	84
250-бап бойынша - айналымнан алынған айналымы контрабандасы	78	65	102	139
Жиыны:	228	337	447	527

Соңғы екі жылдың ішінде жеке құраммен кадр жұмысын жаңа деңгейге көтеруге, қызметкерлерде тапсырылған іске жауапкершілік пен патриотизм сезімін тәрбиелеуге мүмкіндік берген ведомстволық нормативтік кесімдер қабылданды. Кадрлардың сапалық құрамы жақсарды, жоғары экономикалық, заңгерлік және арнайы кедендік білімі бар мамандардың саны көбейді, алайда олардың үлесі әлі де қызметкерлердің

жалпы санының 50% жуығын құрайды. Осыған байланысты кеден органдарына жоғары кәсіби қызметкерлер тарту жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Кеден органдарының қызметін жақсартудың маңызды факторы кеден қызметін инфрақұрылымның қажетті элементтерімен қамтамасыз етілудің сапалық жаңа деңгейі болып табылады. "Жібек жолы", "Қайрақ", "Қордай", "Жаңа жол" ірі кеден бекеттері салынды, "Қорғас" және "Бахты" кедендері қайта жаңғыртылды, Алматы қаласындағы Кинологиялық орталық іске қосылды. Осы барлық кеден объектілері халықаралық стандарттарға жауап береді.

Қазақстан Республикасының әлемдік шаруашылық байланыстарға тиімді түрде ену жағдайларын жасау үшін кедендік әкімшілендірудің нысандары мен әдістерін халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес келтіру кеден қызметін инфрақұрылымның қажетті элементтерімен қамтамасыз етудің сапалы жаңа деңгейін талап етеді. Соңғы жылдары кеден бекеттерінің құрылысын салу мен жайластыруға бюджеттік қаржыларды қысқарту үрдісі байқалады. Мәселен, егер 2000 жылы кеден бекеттерінің құрылысын салу мен жайластыруға арналған бюджеттік қаржы 597 млн. теңгені құраса, үстіміздегі жылдың жоспары 35 млн. теңгені құрады.

Кеден органдарының шекаралық қызметпен, ішкі істер органдарымен, көліктік бақылау қызметімен және басқа да бақылаушы органдармен өзара іс-қимылын жақсарту мақсатында "Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль тасымалдарына бірыңғай мемлекеттік бақылау жүйесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 қыркүйектегі N 1358 қаулысы қабылданды. "Қазақстан Республикасының автомобильдік өткізу бекеттерінде бірыңғай бақылау-өткізу бекеттерін жайластыру және дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қарашадағы N 1256 қаулысымен құрылған ведомствоаралық комиссия Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігін оларда кедендік, шекаралық, санитарлық-карантиндік, көліктік бақылау, көші-қон полициясы қызметтерін орналастыра отырып, бірыңғай бақылау-өткізу пункттерінің құрылысын салу жөніндегі бағдарламаның әкімшісі етіп белгіледі. Аталған комиссияның хаттамасымен 2004-2006 жылдары бірінші кезекте құрылысын салу мен жайластыру жоспарланған 14 өткізу пункттерінің (Ақтөбе, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Қостанай облыстарында) тізбесі бекітілді.

Сонымен бірге, қазіргі кезде кеден бекеттерінде тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу электр генераторлары пайдаланыла отырып жүргізілетіндігіне карамастан, жұмыс істеп тұрған 160 кеден бекетінің 26-сында электр беру желілері жоқ.

Ғылыми-техникалық саланың қазіргі заманғы дамуы кезеңінде Қазақстан Республикасы кеден органдарының алдында өзінің техникалық және сапалық

сипаттамалары бойынша халықаралық стандарттар деңгейінде дәл, жедел және сапалы кедендік бақылауды жүзеге асыруға қабілетті кедендік бақылаудың техникалық құралдарымен жарақтандыру міндеті тұр.

Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне сәйкес кеден органдары міндеттерінің бірі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында радиациялық бақылау жүргізу болып табылады. Бүгінгі күні ол тек жарақтандырылу пайызы 2003 жылғы 1 қаңтарға 30% құрайтын ықшам іздестіру дозиметрлермен ғана (радиоактивтік материалдарды іздестіруге бағытталған) жүзеге асырылады. Әсіресе автомобильдік және темір жол өтпелерінде радиоактивтік материалдардың өткізілуін тұрақты анықтау жүйелерінің көмегімен дәл және тұрақты бақылауды жүзеге асыру мәселесі өткір болып отыр. Кеден органдарында мұндай жүйелердің болуы қазіргі 34 жиынтық қажеттілік жағдайында тек 4 жиынтықты ғана құрайды.

Кедендік бақылаудың техникалық құралдарын сатып алуға, арналған бюджеттік қаржының жеткіліксіз бөлінуіне байланысты кеден органдарының материалдық-техникалық базасының дамуы кедендік бақылауды ұйымдастыру деңгейін халықаралық стандарттар деңгейіне сәйкес келтіруге мүмкіндік бермейді.

Соңғы жылдары тұтастай алғанда кеден қызметін ұстауға және дамытуға арналған бюджеттік қаржының қысқару үрдісі байқалады. Егер 2001 жылы республикалық бюджеттің қаражатынан қаржыландыру 4,5 млрд. теңгені құраса, 2002 жылы ол 3,7 млрд. теңгеге дейін қысқарды, үстіміздегі жылға 3,9 млрд. теңге бөлу көзделді. Республика кеден органдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі іс жүзіндегі қажеттіліктің 52% құрайды. Осының нәтижесінде, Қазақстан Республикасының кеден қызметі қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарды практикалық іске асыру толық көлемде қамтамасыз етілмейді, таяу және алыс шетелдердің кеден қызметтерімен жедел ақпараттар алмасу тұрақты негізде жүзеге асырылмайды.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Кедендік әкімшілендірудің нысандары мен әдістерін Қазақстан Республикасының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне тиімді енуіне жағдайлар жасау үшін халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес келтіру Бағдарламаның басты мақсаты болып табылады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамытудың қазіргі кезеңдегі негізгі міндеттері:

- 1) оны халықаралық стандарттарға жақындату үшін кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
- 2) кедендік әкімшілендіруді жетілдіру, кедендік бақылау әдістері мен нысандарының тиімділігін арттыру;

- 3) қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды одан әрі енгізу;
- 4) кеден статистикасын дамыту және оның базасында сыртқы сауданың сенімді статистикасын қалыптастыру;
- 5) шекаралас мемлекеттердің кеден қызметтерімен өзара іс-қимылды нығайту, өңірлік бірлестіктер шеңберіндегі жұмысты жандандыру, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;
- 6) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу;
- 7) кадр жұмысын жетілдіру, кеден органдарындағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарына және құқық бұзушылықтарға қарсы күрес;
- 8) кедендік инфрақұрылымды дамыту болып табылады.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Ескерту. 5-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 38 Қаулысымен.

Кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық базаны одан әрі жетілдіру шеңберінде кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган:

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер Кеден заңнамаларының негіздеріне өзгерістер мен толықтырулар дайындау;

шет елдермен және халықаралық ұйымдармен кеден мәселелері бойынша, оның ішінде ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің бірыңғай кеден кеңістігін құру жөніндегі шешімдерін іске асырумен байланысты өзара қарым-қатынас жөніндегі шарттық-құқықтық базаны дамыту;

Қазақстан Республикасының Кеден кодексін орындау үшін, сондай-ақ оны қолдану практикасын ескере отырып нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу, келісу және қабылдау жөніндегі жұмыстарды жалғастыратын болады. Сонымен бірге тиісті әдістемелік және консультациялық материалдарды әзірлеу, оларды жариялау қамтамасыз етілетін болады.

Кедендік әкімшілендіру әдістері мен нысандарының тиімділігін арттыру жөніндегі жұмыстардың басым бағыттары:

- 1) тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру, тәуекелдерді бағалау әдістемесін әзірлеу, оның ішінде тәуекелдер көрсеткіштерін, оларды қолдану өлшемдерін айқындау ;

- 2) үздіксіз техникалық жаңару процесін құру, кедендік бақылаудың техникалық құралдарын жетілдіру және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдану. Аталған мәселенің шешілуі Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын сақтау, шекарада радиациялық бақылау жүргізу, кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жетілдіру, сондай-ақ сыртқы сауда тауар айналымын

жеделдетуге ықпал ететін жағдайлар жасау жөніндегі міндеттермен тығыз байланысты;

3) республиканың кеден шекарасында автомобильдік және темір жол өткізу пункттерінде кешенді, оның ішінде кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына ветеринарлық, фитосанитарлық және радиациялық бақылауды жүзеге асыруға қабілетті бірыңғай бақылау-өткізу пункттерінің құрылысын салу, сондай-ақ кеден бекеттері мен автоөткелдерді халықаралық талаптарға сәйкес қайта ж а ң ғ ы р т у ;

4) Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің шекарасы арқылы тауарларды өткізу кезінде микропроцессорлық пластикалық карталарды одан әрі пайдалана отырып, пластикалық төлем карталары жүйесін енгізудің нәтижесінде кеден төлемдері мен салықтарды төлеу тәсілдерін оңайлату болып табылады.

Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган қызметінің келесі бағыты:

1) құбыр желісі көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілетін, оның ішінде шекаралас мемлекеттердің аумақтарында орналасқан энергия ресурстарының өткізілуін кеден органдары мен энергия ресурстарын тасымалдаушылардың арасында ақпараттар алмасу тетігін енгізу жолымен бақылау проблемаларын шешуді;

2) кеден органдары жинақтаған ақпараттардың негізінде декларант мәлімдеген кедендік құнның тауардың әрбір нақты түрі бойынша қалыптасқан орташа өлшенген баға деңгейінен ауытқушылықты анықтауға мүмкіндік беретін кедендік құнды кешенді б а қ ы л а у д ы ;

3) кеден төлемдері мен салықтарды төлеушілердің дербес шоттарын жүргізуді, кеден рәсімдерін жүргізуді жеделдетуге мүмкіндік беретін және сайып келгенде, кеден төлемдері мен салықтардың бюджетке түсуінің уақытылығы мен толықтығын қамтамасыз ететін салық органдары мен қазынашылықтың автоматтандырылған жүйелерімен а қ п а р а т а л м а с у д ы ;

4) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы қолма-қол валютаны, сондай-ақ оңайлатылған, жеңілдікті тәртіппен өткізілетін тауарларды өткізуін есепке алуды және бақылауды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолданудың неғұрлым жоғары деңгейіне көшуін қ а м т а м а с ы з е т у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Кеден органдары қызметінің бағыттарының бірі олардың сыртқы экономикалық қызметті тарифтік және тарифтік емес реттеу тетіктерін жетілдірудегі рөлін жандандыру болып табылады. Аталған міндетті орындау Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы жоғары дәрежелі дәлдіктегі ақпараттың болуын талап етеді. Осы мақсатпен ТМД Сыртқы экономикалық қызметі тауарлық номенклатурасының кодтарын тәптіштеу, Қазақстанның сыртқы сауда айналымының ерекшелігін ескере отырып СЭҚ ТН-ді одан әрі жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізілетін болады, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің

бірыңғай СЭҚ ТН жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленеді, жекелеген жіктеу кодтарын нақтылау бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

Қазіргі кезде кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган КААЖ-ды енгізудің арқасында сыртқы сауданың кедендік статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі міндетті жеткілікті дәрежеде іске асырды. Жүк кедендік декларациялардың электрондық көшірмелерінің дерекқоры құрылды. Қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету статистикалық есептіліктің қажетті шығыстық нысандарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Алдағы кезеңде халықаралық ынтымақтастықты тереңдету, таяу және алыс шетелдермен кеден мәселелері бойынша өзара қарым-қатынастарда сапалы жаңа деңгейге шығу, шекаралас мемлекеттердің кеден қызметтерімен өзара іс-қимылды және ақпарат алмасуды дамыту мәселелеріне үлкен назар аударылатын болады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіруін дайындау шеңберінде кеден рәсімдерін оңайлату мен үйлестіруге, тауарларды сипаттау және кодтау жүйесіне байланысты Халықаралық конвенцияларға қосылу жөнінде тиісті рәсімдер жүргізу қажет. Сол сияқты Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы кеден қызметтерін басқару бірлігі туралы келісімді және Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберіндегі уағдаластықтарды іске асыру мақсатында тауарлар мен көлік құралдарының транзитімен, жеке тұлғалардың шетелдік валютаны әкетуімен, ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз етумен, контрабандаға қарсы күреспен байланысты мәселелерді шешу жөнінде іс-шаралар да жүргізілетін болады.

Құқық қорғау қызметі саласында кеден органдарының кеден шекарасы арқылы есірткілерді, қару-жарақты, оқ-дәрілерді және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу шектелген басқа да тауарларды заңсыз өткізудің жолын кесу және алдын алу жөніндегі жұмыстарының нәтижелілігі артуы тиіс. Ол үшін мұндай тауарларды өткізу фактілерін, оның ішінде қызметтік іздестіру иттерін, арнайы техникалық тексеру мен бақылау құралдарын пайдалана отырып анықтау әдістері жақсартына болады.

Республиканың, ТМД елдерінің және басқа да шекаралас мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен ынтымақтастықтың және ақпарат алмасудың жаңа нысандары кеден ісі саласындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

Сапалы кадрлық қамтамасыз ету де кеден органдарының қызметін дамыту мен жетілдірудің маңызды бағыты болып табылады. Кеден қызметі қызметкерлерінің кәсіптік деңгейін көтеру мәселелері өзекті болып қала береді. Қазақстан Республикасының кеден органдары жүйесінің шеңберінде лауазымды адамдарды даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін көтеруді қамтамасыз етуге қабілетті оқу мекемелерін құрудың, оларды материалдық-техникалық қамтамасыз етудің өткір қажеттілігі болып отыр. Осыған байланысты Алматы және Атырау қалаларында кеден

органдарының қызметкерлері үшін біліктілігін көтеру курстарын ұйымдастыру бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Оқу-әдістемелік орталықтарын құру жоспарлануда.

Бағдарламаны іске асыру тетігі: жауапты орындаушыларды көрсете отырып қатаң мерзімдер, орындалу нысандарын белгілеумен Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту.

Бағдарлама іс-шараларының орындалуын ұйымдастыру басқа министрліктермен және ведомстволармен бірге кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жүктелді.

Бағдарламаның іске асырылуын ағымдағы бақылауды кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламада көзделген іс-шараларды қаржыландыру көзі республикалық бюджет болып табылады. Бағдарламада көзделген іс-шараларды іске асыру республикалық бюджетте көзделген қаржыландыру шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында, кеден органдарының алдына қойылған міндеттерді шешу үшін қаржыландырудың көлемдерінде 2004-2006 жылдарға арналған республикалық бюджеттің қаражатынан 12 320,9 млн. теңге, оның ішінде 2004 жылы - 3 548,6 млн. теңге, 2005 жылы - 4 554,4 млн. теңге, 2006 жылы - 4 217,9 млн. теңге мөлшеріндегі соманың қосымша бөлінуін көздеу қажет. 4 504, 1 млн. теңге мөлшеріндегі соманы кедендік бақылаудың қазіргі заманғы техникалық құралдарын пайдалануға негізделген жаңа бақылау нысандары мен әдістерін енгізуге арнап көздеу қажет. Шекарада орналасқан автомобиль және темір жол өткізу пункттеріндегі инфрақұрылым объектілерінің, бірыңғай бақылау-өткізу пункттерінің құрылысына 5 974,9 млн. теңге, сыртқы сауда статистикасын жүргізуді және жариялауды ұйымдастыру үшін - 45,8 млн. теңге, әлеуметтік саясатты жүзеге асыруға және оқу-әдістемелік базаны дамытуға - 1 796, 1 млн. теңге көздеу жоспарланып отыр.

Қаржыландырудың түпкілікті сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру оларды жүзеге асыру нәтижесінде республиканың тұрақты экономикалық өсімін қамтамасыз ету үшін маңызды алғышарт болып табылатын кедендік әкімшілендірудің сапалы жаңа деңгейіне қол жеткізілетін өзара байланысты іс-шаралар кешенін жүргізуді көздейді.

Халықаралық талаптар мен стандарттарға негізделген кеден ісі жөнінде нормативтік құқықтық база жасау Қазақстанның әлемдік ықпалдастық процесіне ену

процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Кеден заңнамасы саласындағы сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың ақпараттандырылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ кеден жүйесінің қызметі туралы сенімді және жедел ақпаратқа қол жеткізу кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізетін тұлғалардың, кедендік ресімдеу саласындағы қызметтерді ұсынатын кеден органдары мен құрылымдары қызметкерлерінің арасындағы құқық бұзушылықтардың санын азайту үшін алғышарттар жасайды.

Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін енгізу:

кедендік бақылаудың таңдаушылық тетігін реттеуге және айқын етуге;
жоғары тәуекел салаларында кедендік бақылауды шоғырландыруға және кеден органдарының иелігіндегі ресурстардың неғұрлым тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге ;

кеден органдары жүргізетін кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтау жөніндегі іс-шаралардың нәтижелілігін арттыруға;

Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын сақтайтын сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді .

Қазақстан Республикасының кеден органдарын қазіргі заманғы техникамен одан әрі жаратандыру :

Қазақстан Республикасының кеден шекарасын кесіп өтетін тауарлар мен көлік құралдары туралы сенімді ақпаратқа ие болуға;

тауарлар мен көлік құралдарының кеден шекарасы арқылы және Қазақстан Республикасының аумағы бойынша өткізілуін нақты уақытта, оның ішінде көзбен көріп бақылауға ;

тауарлардың сақталуын және баратын кеден органдарына дейін жеткізілу мерзімдерінің сақталуын бақылауды күшейтуге;

кеден органдары қызметкерлерінің құрылымы мен санын оңтайландыруға мүмкіндік береді .

Кинологиялық қызметті нығайту, сайып келгенде, елдің ұлттық қауіпсіздігін нығайтуға ықпал ететін есірткі құралдарының, қару-жарақтың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың заңсыз өткізілуіне қарсы күресті күшейтуге мүмкіндік береді.

Пластикалық карталарды қолдана отырып есеп айырысу тәртібін енгізу сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға кеден төлемдері мен салықтарды төлеуге қолма-қол ақшасыз аударымдарды жүзеге асыруға, олардың сенімділігін қамтамасыз етуге, кеден төлемдері мен салықтарды төлеуді нақты тіркелген орнына қарамастан, кез келген кеден органында тауарды тікелей ресімдеу кезінде жүргізуге, кедендік ресімдеу рәсімін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Мамандандырылған жаңа ақпараттық-техникалық жүйелерді қолдану тауарлар мен

көлік құралдарының өткізілуін бақылаудың неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, кеден органдарының шешімдер қабылдаудағы жеделдігін арттырады, Қазақстан Республикасының шетел капиталы үшін қызығушылық дәрежесін айқындайтын маңызды фактор болады.

Кеден органдарының техникалық жарактандырылуының сапалық және сандық деңгейін жаңарту мен арттыру бюджетке кеден төлемдері мен салықтардың түсуіне оң әсер етеді. 2004-2006 жылдардағы кедендік төлемдер мен салықтардың мемлекеттік бюджетке түсімдерінің болжамды өсімі 100,0 млрд. теңге болады: 2004 жылы - 31,0 млрд. теңге, 2005 жылы - 34,0 млрд. теңге, 2006 жылы - 35,0 млрд. теңге.

Кеден статистикасын, оның ішінде сыртқы сауданың кеден статистикасын жүргізудің әдістері мен нысандарын жетілдіру, толық және сенімді ақпарат базасын қалыптастыру, алынған статистикалық деректерді талдау тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын практикалық қолдану бөлігінде сындарлы ұсыныстар әзірлеуге, мемлекеттік органдарды сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу әдістері бойынша шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шекаралас мемлекеттердің кеден қызметтерімен өзара іс-қимылды нығайту, өңірлік бірлестіктердің (ЕурАзЭҚ, ТМД) шеңберіндегі жұмыстарды жандандыру, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту кеден ісі саласындағы халықаралық байланыстарды дамытуға, кеден рәсімдерін біріздендіруге және оңайлатуға, қазақстандық кеден қызметінің халықаралық бағдарламаларды іске асырудағы белсенділігін арттыруға қызмет етеді.

Кеден органдары қызметкерлерінің әлеуметтік мәселелерін кезең-кезеңмен шешу жұмыс тәжірибесі бар, жоғары адамгершілік қасиеттерге ие барынша кәсіпқой және құзыретті адамдардың ішінен кеден қызметіне жиын жүргізу мүмкіндігін береді. Сайып келгенде бұл, өз қатарында сыбайлас жемқорлық көріністері мен тұтастай алғанда кеден жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық фактілерінің санын азайтуға әкеледі.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде кедендік әкімшілендірудің нысандары мен әдістері негізінен халықаралық стандарттарға сәйкес келтіріледі, материалдық-техникалық база одан әрі дамиды, сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға кедендік қызмет көрсету технологиясы жақсарады, кеден қызметкерлерін кәсіби даярлау деңгейі көтеріледі, кеден қызметін әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету жақсарады, тауарлық номенклатураның кодтары бойынша тауарлардың жіктелімін айқындау кезінде дәлдік дәрежесі артатын болады, кеден төлемдері мен салықтарының бюджетке түсімі ұлғаяды.

8. Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 8-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 38 қаулысымен.

Р/с N	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орын. далуы (іске асыры. луы) үшін жауапты	Орын. далу мер. зімі (мың теңге)	Болжал. шығыс. зімі (мың теңге)	Қаржы. ландыру көзі тар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6	7

1. Кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

1.1	ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер Кеден заңнама. ларынның негіздеріне өзгерістер мен толықтырулар дауға катысу тар беру	ЕурАзЭҚ-қа мүше кеттер	Қаржымині 2004-жылғы қаржы мемлекеттерінің негіздеріне өзгерістер мен толықтырулар дауға катысу	2004-жылғы қаржы мемлекеттерінің негіздеріне өзгерістер мен толықтырулар дауға катысу	жоқ	жоқ 2006 жж. кеден қызметтері басшыларының кеңесіне ұсыныс.
1.2	Шет елдермен және халықаралық ұйымдармен	Келісімдер жасасу	Қаржымині 2004-жылғы қаржы мемлекеттерінің негіздеріне өзгерістер мен толықтырулар дауға катысу	2004-жылғы қаржы мемлекеттерінің негіздеріне өзгерістер мен толықтырулар дауға катысу	жоқ	жоқ 2006 жж. кеден мәселелері бойынша, оның ішінде ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің бірыңғай кеден кеңістігін құру жөніндегі шешімдерін іске асыруға байланысты өзара қарым-

қ а т ы н а с ж ө н і н .
д е г і ш а р т т ы қ -
қ ұ қ ы қ т ы қ б а з а н ы
о д а н ә р і
д а м ы т у д ы ж ү з е г е

асыру

1.3 Қазақстан Норматив. Қаржымині 2004- жоқ жоқ
Республикасының тік 2006
Кеден кодексін құқықтық жж.
орындау үшін, кесімдер.
сондай-ақ оның дің
қолданылу жобала.
практикасын ры
ескере отырып
нормативтік
құқықтық кесім.
дер әзірлеу,
келісу және

қабылдау

1.4 Х а л ы қ а р а л ы қ
к о н в е н ц и я л а р ғ а
қ о с ы л у б о й ы н ш а
қ а ж е т т і р ә с і м .

дерді жүргізу:

1.4.1 кеден рәсімдерін Заң Қаржымині, 2006 жоқ жоқ
оңайлату және жобасы СІМ, ж. 2-
үйлестіру туралы Сарапта. тоқсаны
(Киот конвен. Кеңес малық
циясы)

1.4.2 тауарларды Заң КБА, СІМ, 2004 жоқ жоқ
сипаттау мен жобасы Сарапта. ж. 1-
кодтаудың үйлес. малық тоқсаны
тірілген жүйесі Кеңес

бойынша

1.4.3 кедендік құқық Заң КБА, СІМ, 2005 жоқ жоқ
бұзушылықтардың жобасы Сарапта. ж. 1-
алдын алу, малық тоқсаны
тергеу және Кеңес

о ғ а н қ а р с ы

к ү р е с б о й ы н ш а
(Н а й р о б и
к о н в е н ц и я с ы)

2. Кедендік бақылау әдістері мен нысандарының тиімділігін арттыру, кедендік әкімшілендіруді жетілдіру

2.1 Халықаралық ҚР КБА КБА, ККМ 2004 жоқ жоқ қатынас поезда. бұйрығы ж. 3-рында жеке тоқсаны

т ұ л ғ а л а р ө т к і .
з е т і н т а у а р л а р .
ғ а қ а т ы с т ы
к е д е н р ә с і м д е р і н
ж ү р г і з у т е х н о л о .

гиясын әзірлеу

2.2 Қазақстан ҚР Қаржы- ККМ, 2004 1246800,0 Респу. Республикасының Үкіметі міні,ҚР ҰҚК ж. блика. шекарасында қаулы. ШҚ, АШМ, 2005 1246800,0 лық автомобильдік сының ДСМ, ҚОҚМ ж. бюджет өткізу пунктте. жобасы 2006 997440,0 ж. рінде мемлекет.

т і к б а қ ы л а у д ы н
к е д е н д і к ж ә н е
б а с қ а д а т ү р л е .
р і н ж ү з е г е
а с ы р у м а қ с а т ы н д а
б і р ы ң ғ а й ө т к і з у -
б а қ ы л а у п у н к т т е .
р і н к ұ р у б о й ы н ш а
і с - ш а р а л а р д ы

жалғастыру

2.3 Қазақстан ҚР Қаржымині, 2004 372740,0 Респу. Республикасының Үкіметі ККМ, ҚР ҰҚК ж. блика. шекарасында қаулы. ШҚ, АШМ, 2005 648570,0 лық темір жол өткізу сының ДСМ, ҚОҚМ ж. бюджет пункттерінде жобасы 2006 1309110,0 ж. мемлекеттік

б а қ ы л а у д ы н

кедендік және
басқа да түрле-
рін жүзеге
асыру мақсатында
бірыңғай өткізу-
бақылау пунктте.
рін құру бойынша
іс-шараларды

жалғастыру

2.4	Кедендік инфрақұрылым объектілерінің құрылысын салу	ҚР Үкіметі қаулы. сының	КБА	2004 ж.	103430,0	Респу- блика. лық бюджет
-----	--	----------------------------------	-----	------------	----------	-----------------------------------

("Бақты" кедені. жобасы

нің кедендік
ресімдеу залы,
Ақтау қаласын.
дағы 10 итке
арналған питом.
ник, шалғайдағы
кеден бекетте.
ріне арналған
электрмен
жабдықтау желі.

лері және т.б.)

2.5	"Достық" кедені. нің тексеру алаңы мен уақытша сақтау	ҚР Үкіметі қаулы. сының	КБА	2004 ж.	50000,0	Респу- блика. лық бюджет
-----	--	----------------------------------	-----	------------	---------	-----------------------------------

қоймасын жобалау жобасы
және құрылысын

салу

2.6	Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізіле. тін тауарлар мен көлік құралдары бойынша бірыңғай	Норматив. құқықтық кесімнің жобасы	КБА, ҰҚК тік	2004 ШҚ, ІІМ, АШМ,	жоқ ж. 3- тоқсаны ДСМ, ИСМ, ККМ, ҚМ, СК, ҚПА, ҚОҚМ,	жоқ
-----	---	---	-----------------	--------------------------	---	-----

о р т а н ы к ұ р у
 ма қ с а т ы н д а к е д е н
 о р г а н д а р ы н ы ң
 б а с қ а м е м л е к е т .
 т і к о р г а н д а р м е н
 а қ п а р а т а л м а с у

тәртібін әзірлеу

2.7 Кеден органдары. Норматив. КБА, 2004 жоқ жоқ
 ның энергия тік ЭЖМРМ, ж. 1-
 ресурстарын құқықтық ККМ, тоқсаны
 тасымалдаушылар. кесімнің ҚОҚМ
 мен өз ара ж о б а с ы
 і с - қ и м ы л т ә р т і .

бін әзірлеу

2.8 Бөлінетін Қазақстан КБА, ККМ, 2004 жоқ жоқ
 радиоактивтік Республи. ДСМ, ж. 1-
 материалдар мен қасы ҚОҚМ тоқсаны
 қауіпті қалдық. Үкіметіне
 тарды кедендік ұсыныс.
 бақылаудың тар
 қ о л д а н ы л ы п
 жүрген рәсімде.
 рінің сапасын
 а р т т ы р у
 ма қ с а т ы н д а
 т а л д а у д ы ж ү з е г е
 а с ы р у ж ә н е
 ұ с ы н ы с т а р

әзірлеу

2.9 Кеден баждары ИСМ-ға Қаржымині тұрақты жоқ жоқ
 ставкаларының ұсыным
 құрылымы мен
 деңгейін, тариф.
 тік аралықтар
 мөлшерінің
 қысқаруын және
 тарифтік
 ставкалар мен

к в о т а л а р д ы н
п р а к т и к а л ы қ
п а й д а л а н ы л у ы н
е с к е р е о т ы р ы п ,
Қ а з а қ с т а н
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
к е д е н б а ж д а р ы
с т а в к а л а р ы н
ұ т ы м д ы е т у
ж ө н і н д е ұ с ы н ы с .

тар әзірлеу

2.10 СЭҚ ТН-ге ҚР ИСМ, КБА, 2004 жоқ жоқ
талдау жүргізу Үкіметі мүдделі ж. 4-
және соның мемлекет. тоқсаны
негізінде сыртқы тік
экономикалық органдар
қызметті тариф.
тік және
тарифтік емес
реттеу шараларын
неғұрлым дәл
қолдану қажетті.
лігін ескере
отырып тауарлар.
дың кодтарын
әзірлеу және
қосымша нақтылау

енгізу

2.11 Шекарадағы кеден ҚР Қаржымині 2004 712013,0 Респу.
органдарын Үкіметі ж. блика.
мынадай техника. қаулы. 2005 1896054,0 лық
лық кедендік сының ж. бюджет
бақылау құралда. жобасы 2006 1896054,0
рымен жарақтан. ж.
дыру бойынша
іс-шараларды

жүргізу:

2.11.1 радиациялық ҚР Қаржымині 2004 127013,0 Респу.
бақылау Үкіметі ж. блика.

		қаулы.	2005	159174,0	лық
		сының	ж.	бюджет	
		жобасы		2006	159174,0
ж.					
2.11.2	жүк автокөлік құралдарын көшіру үшін рентгенографиялық қондырғылармен	ҚР Үкіметі қаулысының жобасы	Қаржымині	2004 350000,0	Респу. бликалық бюджет
ж.					
2.11.3	тауарлардың жеткізілуін бақылау жүйесімен	ҚР Үкіметі қаулысының жобасы	Қаржымині	2004 235000,0	Респу. бликалық бюджет
ж.					
2.12	ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 2 шілдедегі N 713 қаулысымен бекітілген	Екінші деңгейдегі банктер мен Микропроцессорлық карточкалар негізінде	КБА, деңгейдегі банктер мен	2004 жоқ екінші деңгейдегі	жоқ ж. 1-тоқ. саны банктер келісімдер Төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесінде дамыту бағдарламасының шеңберінде кеден төлемдері мен салықтарды микропроцессорлық пластикалық карталар арқылы төлеу жүйесін қалыптастыру

3. Ақпараттық-техникалық саясат

3.1.	Қазақстан Республикасының сыртқы саудасының статистикасын жүргізуді және жариялауды қамтамасыз ету	ҚР Қаржымині Қаржымині 2004 ж. 2005 ж. 2006 ж.	Қаржымині, 2004 АБА	15258,0 15258,0 15258,0	Респу. блика. лық бюджет ж.
3.2	ЕурАзЭҚ-қа және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің кеден қызметтерінің кедендік құқық бұзушылықтар, толассыз кедендік бақылау саласындағы ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөніндегі КААЖ-ды жетілдіру шеңберіндегі іс-шараларды ұйымдастыру	ҚР Үкіметі. не ақпарат	2004 АБА	жоқ	жоқ ж. 2005 ж. 2006 ж.
3.3.	Ақпарат қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес кеден	КБА бұйрықтары	КБА	2004 жоқ	жоқ ж. 2005 ж.
					о р г а н д а р ы а қ п а р а т т ы қ р е с у р с т а р ы н ы ң қ а у і п с і з д і г і н ұ й ы м д а с т ы р у ж ө н і н д е г і ш а р а л а р ж ү й е с і н ә з і р л е у ж ә н е е н г і з у

4. Халықаралық ынтымақтастық

4.1	Дүниежүзілік Сауда Ұйымына қосылу жөніндегі Қазақстан Республикасының ұстанымын қалыптастыруға кеден қызметінің қатысуын қамта. масыз ету	Келіссөз. ИСМ, дерге қатысуға	2004- СИМ, Қаржымині арналған құжаттар. ды және Қазақстан. ның ДСҰ- ға енуі жөніндегі қорытынды құжаттарды	жоқ жоқ жж. арналған құжаттар. ды және Қазақстан. ның ДСҰ- ға енуі жөніндегі қорытынды құжаттарды
4.2	Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Украинаның, Ресей	ҚР Үкіметіне ұсыныстар	КБА, СИМ мүдделі мемлекет.	2004 жоқ жоқ ж. 3- тоқсаны тік органдар
	дайындау ұйымдастыру		Федерациясының кеден әкімшілік. тері басшылары. ның кеден заңнамасын біріздендіру мен бірыңғай эконо. микалық кеңістік құру бөлігіндегі одан әрі ықпал. дасу мәселелері бойынша бірінші мәжілісті өткізу жөніндегі іс- шараларды	
4.3	Қырғыз Республикасы, Өзбекстан	Халықара. лық келісім.	КБА, СИМ ЭМРМ	2004 жоқ жоқ ж. 2- тоқсаны

Республикасы, дердің
 ҚХР және Бельгия жоба.
 кеден қызметте. лары
 р і н і ң ж а н ы н а н
 Қазақстан 2005
 Республикасы ж. 2-
 кеден қызметінің тоқсаны
 ө к і л д і к т е р і н
 құру жөніндегі
 дайындық жұмыс.
 тарын жүргізу
 (шарттық-құқық.
 тық базаны

әзірлеу)

4.4 "Айналық ҚР Қаржымині тұрақты жоқ жоқ
 статистикаға" Үкіметі.
 талдау жүргізу не
 мақсатында ақпарат
 шекара л а с
 мемлекеттермен
 статистикалық
 ақпараттар
 алмасуды жүзеге

асыру

4.5 ЕурАзЭҚ-қа Ұсыныстар Қаржымині, тұрақты жоқ жоқ
 қатысушы дайындау ИСМ
 мемлекеттер және
 сыртқы экономи. СРТС-ке
 калық қызметінің жолдау
 бірыңғай тауар
 номенклатурасын
 жетілдіру
 бойынша ұсыныс.
 тар әзірлеу

5. Кеден органдарының құқық қорғау қызметін жетілдіру

5.1 Құқық қорғау Бірлескен КБА, ИМ, 2004 жоқ жоқ
 органдарымен бұйрық. ҚПА ж. 2-

бірлесіп қылмыс. тар тоқсаны,
 тар мен кұқық
 бұзушылықтарды 2005
 анықтау және ж. 2-
 жолын кесу тоқсаны
 жөнiндегi
 ведомствоаралық
 алдын алу іс-
 шараларының
 жүргізілуін

қамтамасыз ету

5.2 ТМД-ға қатысушы Ұсыныстар КБА 2004 жоқ жоқ
 елдердің Ұлттық дайындау ж. 1-
 байланыс торабы. және тоқсаны
 мен есірткілер. RILLO-
 дің заңсыз Мәскеуге
 айналымы факті. жолдау
 лері бойынша
 ақпарат алмасу.
 дың жаңа
 нысандарын

әзірлеу

5.3 ТМД-ға қатысушы ҚР КБА, 2004 жоқ жоқ
 елдердің шеңбе. Үкіметіне СІМ, ж. 3-
 рінде кеден ұсыныстар ТМД-ға тоқсаны
 қызметтерінің қатысушы
 есірткі контра. елдердің
 бандасына қарсы кеден
 күрес жөніндегі қызметтері
 бөлімшелері
 басшыларының
 кеңесін өткізу
 бойынша
 іс-шараларды
 ұйымдастыру

6. Әлеуметтік және кадр саясаты

6.1 "Алматы қаласын. ҚР КБА 2004 жоқ жоқ

	да Қазақстан Республикасы	Үкіметі қаулы.	Кедендік агенттігінің	бақылау	Оқу - әдістемелік орталығы " кеттік	ж. 2-тоқсаны сының жобасы мемле. мекемесін
6.2	"Атырау қаласын. да Қазақстан Республикасының	ҚР Үкіметі қаулы.	КБА	2004	жоқ	жоқ ж. 2-тоқсаны сының жобасы
						Оқу - әдістемелік орталық " мемле. мекеме.
6.3	"Алматы қаласын. да Қазақстан Республикасының	ҚР Үкіметі қаулы.	КБА	2004	500000,0	Респу. блика. лық бюджет жобасы
	Кедендік бақылау сының агенттігінің			ж. 2005	499350,0	ж. бюджет жобасы
						Оқу - әдістемелік орталығының "
6.4	Кеден органдарының қызметкерлері үшін Астана қаласында 100	ҚР Үкіметі қаулы.	КБА	2004	299980,0	Респу. блика. лық бюджет жобасы
	орындық жатақ.	сының		ж.		
6.5	"Достық" кеденінің кеден қызметі қызметкерлері үшін тұрғын үй салу жобасы	ҚР Үкіметі қаулы.	КБА	2004	248400,0	Респу. блика. лық бюджет жобасы
		сының		ж. 2005	248000,0	ж. бюджет жобасы
6.6	ТМД-ға қатысушы мемлекеттер ЕО елдері білім жасасу	Келісім. дер	КБА, БҒМ	2004	жоқ	жоқ ж. 2-тоқсаны

қызметкерлерді
оқытудың және
біліктілігін

мекемелерімен,
халықаралық
ұйымдармен

2005

ж. 2-

тоқсаны

көтерудің
бірлескен
бағдарламаларын
іске асыру
бойынша өзара
іс-қимылды
кеңейту
